

«ҚИСАС-УЛ АНБИЙА» ЕСКЕРТКІШ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ӘДЕБИЕТІНДЕ

ТҮЙІНДЕМЕ:

Мақалада XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің ішінен діни-исламдық ағартушылық тақырыпта жазылған Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» («Қисас-ул анбийа») атты еңбегінің нұсқалары, түркі тілдеріне аударылуы, жариялануы, зерттелуі қарастырылған.

Жазба мұрағатты қазақ жұртшылығына таныту мақсатында, біраз қиссалар аударылып, жарық көруде. Көне түркі ескерткіштері тілінің маманы профессор Б.Сағындықұлы Рабғузидің 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан «Қисас-ул анбийа» кітабынан «Адам ата мен Хауа ана» қиссасын аударды, ол транскрипциясымен қоса баспа бетінде жарық көрді. Зерттеуші Н.Сағындықов «Лұқпан Хәкім», «Нұх пайғамбар», «Сүлеймен пайғамбар», «Харут пен Марут» қиссаларын аударып, транскрипциясын жасаса, Р.Мұқанова 1903 жылы Қазан қаласында Каримовтар баспасынан монғол-татар тілінде жарық көрген «Қисас-ул анбийаны» қазақ тіліне аударды.

Қырғыз әдебиетшілері де Рабғузидің ескерткішін аударып, жариялау ісіне өз үлестерін қосуда. Т.Кунашев, К.Ботояров 1914 жылы Ташкент қаласындағы Х.Арифжановтың баспасынан шыққан «Қисас-ул анбийа» ескерткішін көне түркі тілінен қырғыз тіліне аударып, «Пайғамбарлар баяны» деген атпен әрбір пайғамбардың мұғжиза оқиғаларын бөлек-бөлек кітап етіп жариялады.

Рабғузи қиссалары 1990-1991 жылдар аралығында өзбек тілінде Ташкентте «Езувчи» баспасынан жарық көрді. Өзбек ғалымдары 1948 жылы Копенгагенде К.Гренберг жариялаған нұсқасын пайдаланған.

Тірек сөздер: қисса, әдеби мұра, нұсқа, жариялау, аудару.

“KISAS-I ENBIYA” ESERİ TÜRK HALKLARI EDEBİYATINDA

ÖZET:

XIV. Asırdaki Türk yazıtlarının içinde, din ve İslam konusunda yazılan Rabguzi'nin “Kısas-ı Rabguzi” (Kısas-ı Enbiya) adlı eseri önemli bir yer teşkil eder.

Eski Türk yazıtları dilinin uzmanı, profesör B.Sagındıkoğlu Rabguzi'nin 1910 yılında Kazan şehrinde yayınlanan “Kısas-ı Enbiya” kitabından “Adem Ata ile Havva Ana” kıssasını çevirip, transkripsiyonuyla birlikte yayınlamıştır. Araştırmacı N.Sagındıkov “Lokman Hakim”, “Nuh Peygamber”, “Süleyman Peygamber”, “Harut ve Marut” kıssalarını çevirip, transkripsiyonunu yaptıysa, R.Mukanova 1903 yılında Kazan şehrinde Karimovlar basın evinde Moğol-Tatar dilinde yayınlanan “Kısas-ı Enbiya'yı” Kazakçaya çevirdi. N.Kıdır çevirileri de Rabguzi mirasının Kazak halkı arasında geniş bir şekilde nasihat edilerek manevi mirasa dönüştüğünü göstermektedir.

Türk halkları edebiyatlarının içinde Kırgız edebiyatçıları da Rabguzi yazıtlarını çevirip, yayınlama işlerine katkı sağlamışlardır. T.Kunaşev, K.Botoyarov 1914 yılında Taşkent şehrindeki H.Arifjanov'un litografik basın evinden çıkan “Kısas-ı Enbiya” eserini eski Türk dilinden Kırgız diline çevirip, “Peygamberler İfadesi” adıyla her peygamberin mucize olaylarını ayrı ayrı kitap olarak yayınlamıştır. Onun içinde, “Hazret-i Yusuf Aleyhesselam” kıssası da çevirilerek, transkripsiyonuyla, sözlüğüyle 1992 yılında Bişkek şehrinde kitap halinde ortaya çıkmıştır. Bu Rabguzi kıssasının Kırgız diline ilk çevirisiydi.

Rabguzi kıssaları 1990-1991 yılları arasında Özbek dilinde Taşkent'te “Ezuvçi” basın evinde yayınlanmıştır. Özbek alimleri 1948 yılında Kopenhagen'de K.Grenberg'in yayınladığı nüshayı kullanmışlardır.

Anahtar Kelimeler: kısa, eser, nüsha, yayınlanmak, çevirmek.

«QISAS-I-ANBIYA» INSCRIPTIONS IN TURKIC LANGUAGES

ABSTRACT:

Taking into consideration all Turkish inscriptions which refer to the 14th century about religion, the significant role takes place Rabguzy's work «Qisas-i-Rabguzi» («Qisas-i-Anbiya»).

Researcher N.Sagyndykov translated and transcribed such qisas as "Lukpan Hakim", "Prophet Noah", "Prophet Solomon", "Harut and Marut", R.Mukanova translated «Qisas-i-Anbiya» from Mongol and Tatar languages into Kazakh, published in Kazan by Karimov press.

The same is being done in Kyrgyzstan, many researchers have contributed in Kyrgyz literature. T.Kunashev, K.Botoyarov translated from old Turkish language «Qisas-i-Anbiya» into Kyrgyz, and published separate book which is called "Prophets' biography".

Qisa "Hazrat Yusuf Aleyhessalam" was also translated, transcribed and as a dictionary book was published in Bishkek, 1992. It was the first time when Rabguzy's work was translated into Kyrgyz language.

Rabguzy's qisas were published in Uzbek language in Tashkent, 1990-1991 by "Ezuvchi" press. Uzbek scholars used Grenberg's variant, which was published in Kopenhagen.

While translating Rabguzy's works into Turkic languages, interpreters understand and feel a great responsibility before the nation. Translating from one language into another they use literary translation, scientific translation, sentence by sentence translation, free translation. Interpreters, who are mentioned above tried to do scientific translations as possible as they could.

Key Words: heritage of literature, qisa, variant.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің тарихы тым тереңде. Қазақ жазба әдебиетінің негізін ұлы Абайдан бастасақ та, Абайға дейінгі қайнар бастаулардың бірі – тек ауыз әдебиеті ғана емес, сонымен қатар тамырын сонау түркі дәуірінен алатын орта ғасырлық түркілік жазба әдеби дәстүрінде. Орта ғасырларда, әсіресе Алтын Орда мемлекетінің негізгі халқы қыпшақтар болып, қыпшақ тілі халықаралық тіл дәрежесіне көтерілгенін ескерсек, сол дәуірдегі мұралар тілінде қыпшақ элементі молынан кездесетіндігін мойындаймыз. Осы дәуірдегі көлемді еңбек – Рабғузидің «Қисас-ул анбийа» ескерткіші немесе «Қисас-и Рабғузи». Шығарманың авторы – Насыреддин Бурханаддин. Рабғузи – оның лақап аты. Насыреддин Бурханаддин «Раббат оғыз» атты елді мекенде өмір сүрген ғұлама ғалым, әрі қазы болған.

Түркітанушы ғалым А.Бомбачидің айтуынша, Рабғузи 1250 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы Баршынкентте өмір сүрген және дарынды филологтар дайындайтын сол кездегі атақты Nusam-ad-Din медресесінде үздік оқыған. Араб, парсы, түркі тілдерін еркін меңгерген¹. Еңбектерін осы тілдерде жазған, алайда ғалым мұраларының біздің заманымызға дейін сақталып, бүгінгі ұрпақтың қолына тиген жалғыз ғана туындысы. Ол – «Қисас-ул анбийа» ескерткіші.

Араб тілінде Алла сүйіктілерінің өмір тарихы, дін-шариғаты баяндалған кітап «Қисас–ул анбийа» деп аталады. Бұл «Пайғамбарлар туралы әңгімелер» деген мағына береді. Орта ғасырларда «Қисас–ул анбийаның» әр тілде бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқалары пайда болды да, соған қатысты әртүрлілік оқуға, түсінуге қиындық туғызды. Сол себепті XIV ғасырда Өзбекстанның Оңтүстік аймағында билік жүргізген Тоқбуға бек «Қисас–ул анбийаның» араб, парсы және түркі т.б. тілдердегі өзгеріске түскен нұсқаларын бір жүйеге түсіруді Рабғузиге тапсырады.

¹ Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. - 163 б.

Бектің өтінішін қабыл алған Рабғузи: «Жанымды құдайға тапсырып, тәңірден медет тілеп, осы кітапты бастадым. Алдыма қойған мақсатым – пайғамбарлар тарихы. Алла мейірімділердің мейірімдісі»². Ежелгі дәуір ғұламалары шығармаларының кіріспесінде Алладан осындай үлкен еңбектерін аяқтауға медет тілеп, қолдап-жебеуді өтінуі кездеседі. Олар әрбір ауқымды тараушалар жазылып біткен сайын Тәңірге шүкіршілік айтып, құлшылық етіп отырған. Пайғамбарлар туралы әңгімелерді көне түркі тілінде асқан шеберлікпен жазып шыққан Рабғузи аталған еңбегін орта ғасыр әдебиетіндегі дәстүр бойынша Тоқбуға бекке сыйға тартады. Бұл хижраның 709-710 жылдары еді, біздің жыл санауымыз бойынша –1310 жыл. Аталған еңбек осы кезеңнен бастап бүкіл түркі халықтарының рухани қазынасына айналады.

Рабғузидің: «Біздің басшымыз – әміршілердің ең мықтысы, ғалымдардың ең сүйіктісі, жаны таза, қайырымды, тегі – монғол, діні – мұсылман, ақылы – теңіз» деп жазғанынан Тоқбуға бектің әдебиет пен ғылымға жанашыр, өз заманында әділ ел билеуші болғандығын аңғару қиын емес.

Ғұлама Рабғузи осы еңбегін жазу барысында үлкен табысқа қол жеткізетініне кәміл сенген, сондықтан, шығармасын «Қисас-и Рабғузи» деп атаған. Ол еңбектің кіріспесінде: «Бұл кітапты іздеген әрбір адам, оны жылдам табатындай болсын және ол туралы естіген әрбір адам, сол сәтте-ақ кітаптың не жайында екенін ұғына алатындай болсын» деп жазған болатын. Шындығында, қаншама ғасыр өтсе де түркі тіліндегі өзге мәтіндер «Қисас-и Рабғузимен» салыстырғанда, соншалықты танымалдыққа ие болған жоқ.

Рабғузи қиссалары қазіргі әдебиетімізде түрліше аталып, түрліше жазылып жүр. Бұның себебіне, ғалым А.Қыраубаева: «Рабғузи өз кітабына «Қисас-и Рабғузи» деп ат қойдым», – деп айқын жазған. Бұл сөз кейінгі баспалардың бәрінде дерлік бар. Солай бола тұрса да, біресе, «Қисас Рабғузи», біресе «Қисас-ұл әнбия Рабғузи», көбіне «Қисас-ұл әнбия» болып басылған. Шын аты «Рабғузи қиссалары» болса, кейін «Пайғамбарлар қиссалары» деп өзгертілген. Бұл сөз жоқ, діндарлардың кітаптың діни жағын баса айту мақсатынан туған» деген пікір айтады³.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ:

Рабғузи «Қисас-ұл анбийаның» бір-біріне ұқсай бермейтін бірнеше нұсқасын бір жүйеге түсіру мақсатында араб, парсы нұсқаларын тікелей дереккөз ретінде пайдаланған. Сол себепті өзі пайдаланған бірқатар авторлардың есімдерін, кейде кітаптардың аттарын көрсетіп кетеді. Мәселен, Әбу Исхақ Нишабури («Қисас-ұл анбийа»), Шейх Хүсейн Басар, Абдолла бин Аббас, Вахб ибн Мунаббих Мужаид (араб тарихшысы, 823-ж.қ.б.) және танымал хадис жинаушы болған. Рабғузи үшін қолда бар дереккөздерді таңдап, іріктеу ісі ең басты, әрі өте қиын мәселе болған. Сондықтан, Рабғузидің өз атынан жазылған кіріспесіне сүйене отырып, бұл еңбекті сол кезде қолда болған құнды деректерге негізделіп жазылған бірегей жинақ деп санауымызға болады.

«Рабғузи қиссаларын» қай жағынан алсақ та, Құран түсіндірмелеріне негізделіп жазылған. Оған қоса Құран үзінділеріне тікелей жасалған сілтемелер мен діни сарында жазылған материалдар біріктірілген және «Қисас-и Рабғузи» ислам дінінің негізін халық ұғымына жақын, түсінікті тілмен жеткізуді көздеген.

Түркітанушы С.Е.Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегінде Рабғузидің өз жанынан шығарған өлең жолдарынан үзінді берілген. «Кітап соңы» деп аталатын бөлімде Рабғузидің аталған еңбекті жазу барысында аянбай еткен еңбегі, төккен тері сөз болады, сонымен қатар, Рабғузи аталған еңбекті жазуының бір себебі, Тоқбуға бектің есімін тарихта мәңгі қалдыру екендігін айтады.

² Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Жазушы, 1973. – 170 б.

³ Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.

Рабғузи қиссаны өмірінің соңғы кезінде жазған. Ғалымдардың пікірінше, Рабғузидің қайтыс болған жылы өзінің «Қисас-ул анбийя» деп аталатын еңбегін аяқтаған 710/1310 жылға тура келеді.

Қиссаның тілі. «Рабғузи қиссалары» ежелгі әдеби мұра ретінде қарастырылып жүргенімен, жан-жақты толық зерттелді деп айта алмаймыз. «Рабғузи қиссаларының» тілі туралы әдебиетші, тілші ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер орын алған. Рабғузидің «Қисас-ул анбийя» ескерткішіндегі «Жүсіп Сыддық» («Шыншыл Жүсіп» қиссасы) қиссасын ана тілімізге аударғандықтан, қиссаның тілі туралы өз пікірімізді айтуды жөн көрдік.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында ежелгі дәуір мұраларын зерттеуді тұңғыш бастаушы, қалыптастырушы профессор Б.Кенжебаевтың еңбектері даралана айтылады. Аталмыш ескерткішті қазақ әдебиеттану ғылымында ертедегі әдебиет нұсқасы ретінде қарастырған Б.Кенжебаев: «Қисса әнбия» – XIII-XIV ғасырда жасалған жинақ. Ол Орта Азия мен Қазақстан жерінде ежелгі түріктер – жергілікті ру-ұлыстар, халықтар тіліне өлкені жаулап алып, билеп-төстеуші арабтар тілі көптеп араласқан, сонан кейінірек шағатай тілі деп аталған жалпы бір әдеби тіл пайда болған заман болатын. Осыдан «Қисса әнбия» тұтас алғанда шағатай тілінде жасалған әдеби нұсқа деп есептеледі» дейді⁴.

Профессор Х.Сүйіншәлиев: «Шығарма тілі бастан аяқ біркелкі емес. Араб пен шағатай (түркі тайпаларының ескі ортақ әдеби тілі) аралас. Түсінік сөздерінде араб сөздері көп қолданылса, өлеңдері түгел шағатайша. Шығарма, негізінен, қазіргі өзбек, қазақ, ұйғыр, т.б. халықтарға бірдей түсінікті болған шағатай әдеби тілінде баяндалған» дейді⁵.

Осы пікірлердегі «шағатай тілі» терминінің қолданылуы тым біржақты. Экман және А.Н.Самойлович сияқты ғалымдар шағатай тілін үш кезеңге бөліп қарастырады:

1. Шағатай тілінің алғашқы дәуірі немесе Науаиге дейінгі дәуір (XV ғасырдың екінші жартысы). Бұл тілде Хайдар, Хорезми, Лутфи, Юсуф Амири, Сакаки қалам тербеген.

2. Шағатай тілінің классикалық дәуірі (XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысы). Бұл тілде жазған ақындар: Науаи, Хусейн Байқара, Хамиди, Мухаммед Салих, Шейбани т.б.

3. Соңғы, яғни классикалық дәуір, шағатай тілінен кейін қолданылған әдеби тілдің дәуірі (XVI ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың аяғына дейін). Сонымен орта түркі әдеби тілінің тұтастығы ыдырап, жеке ұлт тілдері айқындала бастаған XV-XVI ғасырларда Орта Азия түркілердің жазба тіліндегі бір белес осы шағатай тілі болса керек. XVII ғасырларда ескі өзбек тіліне жалғасқан шағатай тілі қазіргі өзбек тілінің негізі болып саналады.

Ғалымдардың бір тобы арасында бұл ескерткіш оғыз-қыпшақ тілінде жазылған деген пікір де бар. Мәселен, ғалым Н.Келімбетов: «Бұл мемлекет халқының басым көпшілігі түркі текті ру-тайпалар, әсіресе, қыпшақтар мен оғыздар көп болды. Сол себепті Алтын Орданың әдеби тілі - қыпшақ-оғыз диалектісіндегі орта ғасырлық түркі әдеби жазба тілі еді. Бұл түркі тайпалары мен халықтарының бәріне бірдей түсінікті болды»⁶ деп пайымдайды.

⁴ Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1986. – 264 б.

⁵ Чакыр Р. Қ. Яссауидің «Диуани хикмет» кітабының қазақ тіліндегі аудармалары және әдеби байланыстар проблемалары: канд.диис. автореф. – Алматы, 1998. – 39 б.

⁶ Зайончковский А. Изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI в.в.) // Вопросы языкознания. 1967. № 6. С. 10-14.

Ал, Р.Чақыр ғылыми зерттеу жұмысында Қ.Ясауидің «Диуани хикмет» еңбегін «Қисас-ул анбийаның» Бакудегі Әзербайжан Ғылым академиясының жазба үлгілері институтынан табылған нұсқасымен тілдік тұрғыдан салыстырып, Қожа Ахмет Ясауи мен Рабғузидің қолданған тілі Шығыс Қарахан әдебиетінің дәстүрлерін сақтап, аралас оғыз-қыпшақ тілінде жазылған», - деген пікір білдіреді⁷.

Бұл пікірлер логикалық тұрғыдан тұжырымдалып, шындыққа бір табан жақын айтылғанымен, әлі де нақтылауды талап етеді. Жалпы кез-келген жазба ескерткіштің тілі туралы айту үшін фоно-морфологиялық, лексика-семантикалық зерттеу жүргізіп, әр сөзді бүгінгі тірі тілдік деректермен салыстыра зерделеу қажет. Сонымен қатар, жазба ескерткіштер дүниеге келген уақыт пен ортаны да тани білу шарт. Өйткені тіл интралингвистикалық факторлармен қатар экстралингвистикалық жағдайларға да тәуелді. «Рабғузи қиссасы» – Алтын Орда дәуірінің мұрасы. Бұл кезеңдегі мұралар аралас тілді болып, не оғыз тілінің, не қыпшақ тілінің негізінде жазылғанмен, бір әдеби дәстүрге негізделген. XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әр түрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті ортақ тіл болған. Поляк ғалымы А.Зайончковскийдің «В XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» деген пікірі орынды айтылған⁸.

Ә.Құрышжанов пен А. Ибатов «XI-XVI ғасырларда түркі тайпаларына ортақ «орта түркілік жазба әдеби тіл» қалыптасты дей келіп, «орта түркі әдеби тілі» өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарының түгел, Европа жеріндегі «Дешті-и Қыпшақ» пен Қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған⁹» дейді.

Біз зерттеп отырған «Жүсіп Сыдык» қиссасы қазіргі қазақ оқырманына түсінікті тілде жазылған. Әрине онда араб, парсы сөздері де мол кездеседі. Мәселен, Рабғузидің «Көктем» туралы өлеңінде 2 бәйіт арабша, «Маңдайыңыз толған айдай жарқырып көзді алар» деп басталатын өлеңде 7 бәйіт арабша, «Барлық инелер тон тігер, кидірет» деп басталатын ғазалда бәйіттер аралас келген. 5 бәйіт көне түркі тілінде, 4 бәйіт араб тілінде берілген, ал 177, 178 беттердегі жырлар түгелімен арабша берілген. Бұған қоса арабша берілген сөздер, сөйлемдер, дұғалар, хадистер, аяттар, абзацтар көптеп кездеседі. Бірақ біздің зер салып зерттейтініміз – түркі сөздері.

Қиссада түркі сөздерінің ішінде қазақ тілімен мағынасы да, тұлғасы да ұқсас сөздер көптеп кездеседі: *бағлан, бар, бір, байлап, базар, болса, қара, қайра, қарады, қашуға, қонақ, сен, салмақ, садақа, дария, оқу, ата, ана, ел, егер, айт, аман, тұтып, т.б.*

Ал көптеген түркі сөздерінің мағынасы қазақ тіліндегі мағынасымен дәлме-дәл болғанымен, сыртқы тұлғасы фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Мәселен сөз басында *й* дыбысы қолданылатын сөздер: *йырақ, йер, йазы, йүз, йуды, йумчақ, йол, йармақ, йағуз, йанчыб, йыл, йалған* т.б. Бұл сөздер қазақ тілінде ж дыбысымен айтылады. Ж белгісі қыпшақ тілдеріне тән десек те, қазіргі татар, башқұрт, ноғай тілдерінде *й* дыбысы да қолданылады: *йаз, йылдыз* т.б.

Сөз басындағы *й* дыбысы ескерткішті қазақ тілінен алыстата алмайды. Бұл – Орхон-Енисей жазуларынан келе жатқан қатаң дәстүр. Осы жазу нормасы қатаң үрдіспен орта

⁷ Чақыр Р. Қ.Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының қазақ тіліндегі аудармалары және әдеби байланыстар проблемалары: канд.дис. автореф. – Алматы, 1998. – 39 б..

⁸ Зайончковский А. Изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI-XVI в.в.) // Вопросы языкознания. 1967. № 6. С. 10-14.

⁹ Құрышжанов Ә., Ибатов А. Ежелгі түркі жазба-ескерткіштері жайында // Қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 124-130 б.б.

ғасырларда да қолданылған. **Й** жазба тілдің дәстүрі ретінде қазақ тілінде ХІХ ғасыр және ХХ ғасыр басындағы әдебиетте де көрініс тапқан. Мәселен, «Дала уалаяты» газетінде мынадай жолдар кездеседі: «Бұ ханның шаһарында бір йикіт бар еді, оның бір хатуны бар еді, бұл йикітіні өлтуруге қас қылып йүрүр еді»¹⁰ [10, 49 б.]. Бұл сөз саптау үрдісі ескерткіштер тілінен алыс емес. Осындай элементтер Абайдың алғашқы шығармаларында да кездеседі, мысалы, «Йузи – раушан, көзі – гауһар» деп басталатын өлеңінде көне жазба тілдің сілемдері айқын аңғарылады.

Қыпшақтардың ұлан-байтақ территорияны игеріп, **Мафазат әл-ғузз** (Оғыздар даласы) атауының орнына **Дешти-қыпшақ** (Қыпшақ даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ одағына кірген түркі тайпалары қыпшақтанып, олардың тілдері қыпшақ тілінің ығында қалып, қыпшақ тілі тұтас мемлекеттік, тіпті халықаралық тіл деңгейіне көтерілді. Кейін монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды.

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуірінде жазылған Рабғузидің «Қисас-ул анбийа» жазба ескерткішін ортақ түркі әдеби тілінің қыпшақ нұсқасында жазылған, бүгінгі қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдеріне бір табан жақын әдеби мұра деп танығанымыз дұрыс. Бұл ретте белгілі ғалым М.Жолдасбеков: «Алтын Орда (ХІІІ–ХІV ғ.ғ.) дәуіріндегі әдебиетті Алтын Орда-Қыпшақ дәуірі деп қарастырып, аталған дәуірдің ерекшелігі ретінде, «...бұл тұста негізгі тіл қыпшақ тілі болды. Әдебиет, негізінен, қыпшақ тілінде дамыды» деп орынды атап көрсетеді¹¹.

Орта Азия мен Қазақстан аумағын мекен еткен көптеген халықтардың мәдени мұралары Монғол шапқыншылығы кезінде жойылғаны белгілі. Монғол әскерлері араб басқыншылары сияқты сәулетті қалаларды, білім мен мәдениет орталықтарын өртеп, сол өлкенің елін, жерін әбден ойрандап шаруашылығын әбден күйретіп жіберді.

«...Монғол шапқыншылығы – Азияның талай мәдениетті елдерін тас-талқан етті» деп академик В.В. Бартольд тегіннен-тегін айтпаған¹².

Міне, осындай қысымға Рабғузидің ертедегі қолжазбалары да ұшырады. Соған қарамастан, бұл еңбек өзінің кең ауқымда танымал болғандығымен ғана сақталып қалды. Рабғузи еңбегі құндылығын бүгінгі дәуірде де жойған жоқ.

Қолжазба нұсқалары. Көне дәуірлерде туған көптеген құнды мұраларымыз ғасырдан-ғасырға көшіріліп жететін болғандықтан, олардың бірнеше нұсқасы болды. Соның бірі – «Рабғузи қиссалары» да біздің заманымызға көне түркі тілінде бірнеше нұсқамен жетті. Бүгінде Лондонда, Санкт-Петербургте, Қазанда, Ташкентте сақтаулы.

«Қисас-и Рабғузи» қолжазбаларының көпшілігінің сақталып, бізге жеткеніне қарамастан олардың ешқайсысын ең көне нұсқа дей алмаймыз. Дегенмен, бізге мәлім қолжазбалардың ішіндегі ең көнесі деп Британ кітапханасында сақталған нұсқасын айтамыз (еңбекте – А қолжазбасы деп белгіленген). Британ кітапханасындағы қолжазбаның жазылу мерзімі туралы мәселе өте күрделі деп саналады. Онымен жеті көшірмеші жұмыс жүргізген. Алайда олардың ешбірі қолжазбаға айтарлықтай өздерінің жеке ықпалын тигізбеген. Бұған бір себеп, олардың білім деңгейінің жеткілікті болмауы да мүмкін. Қолжазбаның көлемі мен тілдік алуандығына және елеусіз қателеріне қарамастан, бұл – өте маңызды мұрағат. Бұл көне қолжазбалар ХІV-ХІVІ ғасырлар аралығында көшірілген, олардың бесеуі бүгінге дейін сақтаулы. Бірақ, олардың біреуі ғана жарық көрген. Оны ғалым Гренбек 1948 ж. Копенгаген қаласында басып шығарды¹.

Қиссаның екінші қолжазбасы Санкт-Петербургтегі М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақтаулы (еңбекте ол В қолжазбасы деп белгіленген).

¹⁰ Әбілқасымова Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 210 б.

¹¹ Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштері. – Алматы: Фолиант, 2001. – 176 б.

¹² Бартольд В.В. Шығармалар жинағы. – М., 1985. – Т.1. – 253 с.

Ал XVIII-XIX ғасырлар арасында көптеген жаңа қолжазбалар пайда болды. Олардың мазмұны белгілі дәрежеде өзгеріске ұшыраған (еңбекте С қолжазбасы деп белгіленген). Қолжазбалардың өзіндік ерекшеліктері:

А қолжазбасы. Лондон, Британ кітапханасы. 7851-қосымша; XV ғасыр, 249 фолиант Гренбек 1948 жылы факсимилесімен жариялаған. 110-119 фолианттар арасында 19 фолиант жоқ.

В қолжазбасы. Санкт-Петербург көпшілік кітапханасы (ТНС 71). Ерте XVI ғасыр, 255 фолиант. Беттері реттерінен шатасып кеткен. Алфавиттік көшірмесі бойынша 1-қолжазбасының 1 томы. Жалпы мәтіннің 27 пайызы жоғалған, олардың ішінде қолжазбаның бастапқы және соңғы фолианттары бар.

С қолжазбасы. Санкт-Петербург Ғылым академиясының Шығыстану институтында сақталған. Шамамен 1560 жылдары көшірілген, 245 фолиант. С қолжазбасы, шын мәнінде, жаңа редакция. Кейбір хикаялар мен шағын әңгімелер, қисса жанрына сәйкес келмейтін көптеген материалдар қосылып, толықтырылған. Бұған мысал ретінде Шығыс елдеріне кеңінен танымал болған Зұлқарнайын туралы әңгімелерді айтуға болады¹. Сондай-ақ Рабғузи еңбегінің аса маңызды қолжазбалары мен ескі басылымдар тізімі туралы мәліметтер Хофманның (1969), Джарингтің (1980), Экманның (1959) еңбектерінде кездеседі.

Құран кітабының «12-Юсып» сүресінің сюжеті ізімен әлемге кең таралған «Жүсіп–Зылиха» қиссасы жүздеген жылдардан бері ақындарды, драматургтерді, суретшілерді толғандырып келеді. Бұл аңыз әрбір дәуірдің әлеуметтік сипатына сәйкес түрленіп, таралған сайын сан алуан өзгеріске ұшырап отырды. Біздің заманымыздың VII ғасырында ол исламның қасиетті кітабы Құранға енді. Ондағы махаббат сезімінің тазалығы мен құдіреттілігі туралы идея енді мұсылман рухында қайта жаңғыртылды. Енді Жүсіп пен Зылиха туралы аңыз тек діни кітаптар шеңберінде ғана қалып қоймай, аса кең таралып, көптеген көркем шығармаларға негіз болды. Жүсіп пен Зылиханың махаббат хикаясына рухтанған Шығыстың көптеген ақындары оны асқан шеберлікпен дамытып, соның нәтижесінде аңыздың сюжеті кеңейтіліп, көркейе түсті.

Немістің ұлы ақыны Гете жас кезінде Жүсіп пен Зылиха туралы аңыздарды таңдана тындап, тамсанып оқығандығы туралы жазады. Ақын өзінің «Поэзия және шындық» деп аталатын кітабында Жүсіп пен Зылиха хикаясының бұлақ сусынындай мөлдір тазалығына сүйсіне келіп: «Мұндай аңызды қандай құдіретті күш–қуат жаратты десеңізші! Адам жаны жақсылық үшін жаратылған ғой!» деп пайымдайды.

Бір қызығы – әлемдегі түркі халықтарының ақындары мен жазушылары ел басына ауыр күн туған сәттерде, өз елінің әлеуметтік-саяси тарихының қиын-қыстау кездерінде халыққа айтар ой-пікірлерін астарлап жеткізу үшін Жүсіп пен Зылиха жайындағы аңыздарды өз туындыларына арқау етіп отырған. Мәселен, XX ғасырдың ұлы ойшылы, немістің көрнекті жазушысы Томас Манн өзінің «Жүсіп және оның ағалары» деп аталатын романында билік басына келген фашистердің адам табиғатына жат, дөрекілік істерін, қан төгуге әзір тұрған дүлей күш пен ақыл-парасат арасындағы идеялық күресті «басқалардан артық жаралғанбыз» дейтін нәсілшілдік көзқарасты сынайды.

Ал, түріктің көрнекті ақыны Назым Хикмет болса, Жүсіп пен Зылиха жөніндегі аңыздардың мүлдем жаңа қырын ашқандай болды. Ол өзінің «Жүсіп және Менафис» драмасында «Жүсіп пен Зылиха» туралы аңыздарды негізге ала отырып, бүгінгі қоғамдағы әділетсіздік пен қатыгездік, зұлымдық пен өшпенділік жайындағы ой-пікірін ортаға салады. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жою қажеттігін зор шеберлікпен көрсетеді.

¹ Сонда, 25 бетте

¹ Сонда, 24 бетте

Зерттеуші С.Дәуітұлы ислам діні арқылы қазақ әдебиетін байытқан қисса-дастандарды бүгінде еліміздің рухани қазынасына айналып кеткен әдебиетіміздің інжулері мен маржандары деп бағалайды.

Жүсіп-Зылиха сюжеті араб, парсы әдебиетінен бастау алып, ортағасырлық түркі поэзиясының ең көп жырланған тақырыбына айналды.

Қиссаның сюжеті, мотивтері қазақтың ұлттық фольклорына XIX ғасырда қалыптасқан дастаншыл кітаби жазба әдебиетке де үлкен әсер етіп, ұлт мұрасының қайнар көздерінің бірі болды.

Рабғузи қиссалары ішінен «Жүсіп» қиссасы «Жүсіп-Зылиха» деген атпен қазақ арасына ауызша айтылуымен қатар, баспа бетінде жарық көрген нұсқалары да кеңінен тараған. Олар: «Қисса-и хазірет Жүсіп ғаләйһис-сәләм мен Зылиханың мәселесі» деген тақырыппен 1898, 1901, 1904, 1907 жылдары Қазан университеті баспасында; 1913 жылы Домбровский баспасында; 1918 жылы «Орталық» баспада Ш.Хұсайынов мұрагерлері басып шығарды. Қиссаның соңында «Қисса-и Мұса ғаләйһиссәләм мен Қарун хикаясы» деген өлең қоса берілген. «Жүсіп-Зылиха» жырын қазақ тілінде жырлаған Ж.Шайхұлисламұлы туралы кітап соңында мынадай мәліметтер берілген: «Дастан қылып шығарушы қожа Жүсіпбек Шайхұлисламұлы Айқожин тарих ыжрәтінің 1313 жылы мухәррәлінің 21 күні жазылды, русшаның 1897 жылында»¹³.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде кітаптардың дүркін-дүркін басылуы мына жағдайға байланысты деп есептейміз. Осы уақытта Қазан, Ташкент, Орынбор, Астрахань, Қырым, Семей, Орал, Верный және басқа қалаларда түрік халықтарының тілінде баспалар ашылып, жалпы кітап бастыру жұмысы өркендеді. Мәселен, бір ғана Қазан қаласының өзінде XIX ғасырда қазақ және шығыс халықтарының кітаптарын басқан он үш баспа жұмыс істеген. Соның ішінде Қазан баспасы – қазақ кітаптарын бастыруда елеулі орын алған тұңғыш баспа. Жалпы алғанда XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде осы қалаларда орта есеппен бір мыңнан астам қазақша кітаптар басылып шыққан, олардың данасы орта есеппен алғанда бес миллион данаға жеткен¹⁴.

Еліміздегі кітап және кітап ісінің қалыптасу ерекшеліктері мен дамуын зерттеп жүрген ғалымдар Ш. Елеуенов, Ж.Шалғынбаеваның деректеріне сүйенсек, әуелгі кезеңде (XIX ғасырдың басы) кітаптар бір жүйемен басылмаған. Дегенмен, жалпы жұртшылықтың айнала дүниені танып-білуге деген құштарлығы зор болған. «Жорық атынан түсіп төңірекке көз жүгірте бастаған көшпенді жұртының тілегіне орай дүние тарихынан хабардар етуге арналған басылымдардан алдымен тілге үйірілетін үш кітап. Солардың бірі – пайғамбарлар өмірінен қызықты деректер беретін, түркі тілінде басылған «Қисас-и Рабғузи» шығармасы» деп көрсетеді¹⁵.

Бұл кезеңдерде діни кітаптардың мұншалықты көп басылуына көңіл бөлінуінің тағы бір себебі: «XIX ғасыр ортасынан бастап мұсылман дін басылары қазақты мұсылмандық жолдан шығармауды мықтап қолға алды. Қазақ арасында дін оқуын, дін жұмысын, жалпы мұсылманшылық үгітті күшейтуге тырысты. Осы мақсатпен муфтилер Бұхарада, Самарқандта, Қазанда, Уфада оқыған татар, башқұрт, қызылбас молдаларын қазақ даласына көптеп жібере бастады. Мұсылман дін басыларының бұл іс-әрекеттерін патша өкіметі қолдады. Қазақ арасына шеттен келген молдалардың кейбіреулері араб, парсы

13¹³ Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан (1800-1917). – Алматы: Қазақстан, 1971. - 39 б.

14¹⁴ Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1996. -299 б.

15¹⁵ Елеуенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1917 ж.д.) – Алматы: Санат, 1999. – 192 б.

ертегілерін, арабтың әулие, пайғамбарлар, сахабалары туралы аңыздарын, әңгімелерін қазақ тіліне аударып бастырды»¹⁴.

Зерттелуі, аударылауы және жариялануы. Қазақ әдебиетінің көне мұраларын зерттеп, түркілік ортақ әдебиетке барлау жасауда, оларды көркемдік дәстүр сабақтастығы тұрғысынан бағалауда көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың еңбегі айрықша. Ол Рабғузидің «Қисас–ул анбийа» ескерткіші жөнінде алғаш рет сөз етіп, ескерткішке: «Қисса-сұл анбия» таза діни кітап қана емес, түгелдей әулиелер, пайғамбарлар туралы хикая да емес. Ерте замандардағы түркі текті халықтардың, ру-тайпалардың қисса-хикаяларының, аңыз-ертектерінің, өлең-жырларының жинағы, өңделген түрі, ескі ұрпақ мәдениетінің нұсқасы дерлік көркем шығарма», - деп баға берген еді⁴. Ғалым өз еңбегіне «Қисас–ул анбийаның» 1914 жылы Қазанда Каримовтар баспасынан шыққан нұсқасынан «Лұқпан Хакім», «Әбіл мен Каин», «Нұх пайғамбар», «Зұлқарнай», «Адам ата» қиссаларының тақырыбына, мазмұнына жалпы шолу жасаған. Б.Кенжебаевтың бұл еңбегі «Рабғузи қиссаларын» аудару, зерттеу жұмыстарын жүргізген кейінгі зерттеушілер үшін аса игілікті істің бастамасы болды. Рабғузи қиссаның кейбір үзінділері 1967 жылы шыққан «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясында» жарияланды. «Рабғузи қиссаларын» әдеби мұра ретінде зерттеуде көрнекті ғалымдар Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева,^{17,18} және т.б. ғалымдар мол үлес қосты. Аталған ғалымдар арасында «Рабғузи қиссаларын» жан-жақты зерттеп, талдау жұмыстарын жүргізген А.Қыраубаеваның еңбегін айрықша атауға болады. Ғалым аталған жазба мұрағаттан «Жүсіп-Зылиха», «Үш түрлі топырақ», «Адам ата мен Хауа ана», «Нұх қиссасы», «Лұқпан Хакім» т.б. қиссаларды аударып, ол туындылардың маңызын анықтап, Рабғузидің еңбегін Алтын Орда дәуірінде жасалған аса құнды мұра ретінде бағалады³. Бұл еңбектерінде ғалым Ленинградтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында сақталған (ТНС-71) қолжазбаны, «Қисас-ұл анбияның» 1873 жылы Қазан қаласынан шыққан нұсқасын және 1859 ж. Қазан баспасынан шығарылған басылымдарды қатар пайдаланған. Осы нұсқалардың ішінен 1859 жылы Қазан баспасынан шығарылған нұсқасының бас-аяғы толық, ретті болғандықтан үзінділер сол нұсқадан берілген.

«Жүсіп–Зылиха» дастанының зерттелу тарихы сөз болғанда ерекше көңіл аударатын нәрсе – дастанның тілші ғалымдар назарынан да тыс қалмағандығы. Түркі салыстырмалы тіл біліміне қосылған үлкен үлес болып табылатын морфологиялық, синтаксистік еңбек (1926-27 ж.ж. неміс тілінде жазылған) Яков Шинкевичтің «Рабғузи еңбегінің синтаксисі» деген көлемді зерттеу жұмысы, Л.Будагов пен В. Радловтың сөздіктерінде де «Қисас-ул анбийаның» лексикалық материалдары бар.

Көрнекті ғалымдар Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың филология факультеттеріне арналған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деген оқулығында ескерткіштің жазылу тарихы, әр түрлі көшірмелері жайында бірқатар мәліметтер бар¹⁹.

14¹⁴ Сонда, 7-9 беттерде

4⁴ Сонда, 15-18 беттерде

17,18^{17,18} А.Қыраубайқыз. Ежелгі әдебиет. Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 120 б. А.Қыраубаева. Шығыстық қисса-дастандар (Монография). – Алматы: Өнер, 2010. – 344 б.

3³ Сонда, 130-136 беттерде

19¹⁹ Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә, Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Мектеп, 1971.

Көркем аударма қазақ әдебиетінің салмақты салаларының біріне жатады. Қазақ әдебиетін зерттеу ісі бүгінде жаңа бір белеске көтеріліп, кең арнаға түсіп отыр. Оған көне дәуір жазбаларынан бастап зерттеліп, аударылып, жарияланып жатқан бірқатар рухани-мәдени мұраларымыз толық айғақ: «Күлтегін» (1986), «Қорқыт ата кітабы» (1986), «Құтты білік» (1986), «Махаббатнама» (1986), «Түрік сөздігі» (1998, 1999) т.б.

Жазба әдебиет үлгілерін бүгінгі тілімізге тәржімалау, транскрипциялау жалғасын тауып жатқан игілікті іс деуге болады. Жазба мұрағатты қазақ жұртшылығына таныту мақсатында, біраз қиссалар аударылып, көпшілігі басылымдар арқылы жарық көруде. Мәселен, көне түркі ескерткіштері тілінің маманы профессор Б. Сағындықұлы Рабғузидің 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан «Қисас–ул әнбийа» кітабынан «Адам ата мен Хауа ана» қиссасын аударып, транскрипциясымен қоса жариялаған²⁰. Зерттеуші Н.Сағындықов 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан Рабғузидің «Қисас–ул әнбийа» кітабынан «Лұқпан Хәкім», «Нұх пайғамбар», «Сүлеймен пайғамбар», «Харут пен Марут» және т.б. қиссаларды аударып, транскрипциясын жасады¹⁶. Сондай-ақ, жазушы Роза Мұқанова 1903 жылы Қазан қаласында Каримовтар баспасынан монғол-татар тілінде жарық көрген «Қисас-ул әнбийаны» қазақ тіліне аударды. Бұл еңбек 2001 жылы «Санат» баспасынан «Рабғұзи. Қисса-сұл Әнбийя-и. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссаламға дейін» деген атпен жарық көрді²¹.

Роза Мұқанованың аударып, баспаға жариялаған нұсқасын оқи отырып, бұл еңбекті «Рабғузи қиссаларының» толық нұсқасы дей алмаймыз. Мәселен, «Қисса Жүсіп ғалайһи-уәссәләм» қиссасының сюжеті толық берілмеген. Қиссада Зылиханың ислам дінін қабылдап, Жүсіпке некелі жар болған эпизоды мүлдем айтылмаған. Бұл эпизод - барлық ақындар мен шайырлардың айрықша мән беріп, ерекше көңіл-күймен жырланатын маңызды, көркем тұсы. Сонымен қатар, жазушы бұл нұсқаның транскрипциясын және факсимилесін жариялауды мақсат етпеген.

Түркі халықтары әдебиеттерінің ішінде қырғыз әдебиетшілері Рабғузидің ескерткішін аударып, жариялау ісіне өз үлестерін қосуда. Темиралы Кунашев, Камбаралы Ботояров 1914 жылы Ташкент қаласындағы Хасан Арифжановтың литографиялық баспасынан шыққан «Қисас–ул анбийа» ескерткішін көне түркі тілінен қырғыз тіліне аударып, «Пайғамбарлар баяны» деген атпен әрбір пайғамбардың мұғжиза оқиғаларын бөлек-бөлек кітап етіп жариялады. Соның ішінде «Азирети Жүсіп Алейсалам» қиссасы да аударылып, факсимилесімен, транскрипциясымен, сөздігімен 1992 жылы Бішкек қаласында кітап болып жарыққа шықты²². Бұл – Рабғузи қиссасының қырғыз тіліне бірінші аударылуы. «Рабғузидің «Қисас ул-анбиясы» XIII ғасырдағы шағатай-түркі тілінде араб әрпімен жазылған. Онда Құрандағы пайғамбарларға арналған аяттардан үзінділер, көне араб тілінен келтірілген сілтемелер, әр түрлі әңгімелерден іріктеліп алынған мәліметтер, адамзат тұрмысына сабақ боларлық нақыл-насихат, ойлы сөздер көп кездесетіндігін», - аудармашылар атап көрсетеді²².

20²⁰ Б.Сағындықұлы, Мүсірбай Телеу. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы: Ғылым, 1997. – 295.

16¹⁶ Ертедегі қазақ әдебиетінің хрестоматиясы. Алматы: Мектеп, 1967.

21²¹ Рабғузи. Қисса-сұл-әнбийя-и. Адам Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. – Алматы: Санат, 2001.

22²² Наср ед-дин ибн Бурхан ед-дин Рабғузидің. Қисас ул - анбия. Пайғамбарлар баяны (үчүнчү китеп). Азирети Жусуп алейсалам. – Бишкек: Буудайык, 1992. – 183 б.

22²² Сонда, 11 бетте

Рабғузи қиссалары өзбек әдебиетінде ертеден қарастырылып, 1950 жылы шыққан «Өзбек әдебиетінің антологиясында», 1959 жылы шыққан төрт томдық «Әдебиет тарихының» бірінші томында жарияланды және кейбір үзінділері орта мектептің оқулықтарына енгізілген. Сонымен қатар, Рабғузи қиссалары 1990, 1991 жылдар аралығында өзбек тілінде Ташкентте «Езувчи» баспасынан жарық көрді. Өзбек ғалымдары 1948 жылы Копенгагенде К.Гренберг жариялаған нұсқасы пайдаланған^{23,24}.

Қазақ әдебиеттану ғылымында шығыс тілдерінен келген жәдігерліктерді аудару жайында әлі тұрақты, көлемді қағида, ереже қалыптасқан жоқ. Ал орысшадан қазақшаға, керісінше қазақ тілінен орыс тіліне жасалған тәржімалар турасында аз жазылған жоқ. Әрине, шығыстың классикалық поэзиясын ана тілімізге аударуда сәтті шыққан аудармалар жоқ емес. Олар: О.Найымның «Рубаилары», Низамидің «Жеті аруы», Сағдидің «Бостаны», «Гүлстаны», Хафиздің ғазалдары және т.б.

Ал түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне аударылған еңбектер де баршылық. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріндегі мұраларды қазіргі тілімізде оқуға «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» атты кітап алғаш жол ашты¹⁶. Одан кейін түркі әдебиетінің тамаша мұралары қазіргі қазақ тіліне үздіксіз аударыла бастады. Мысалы, Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Хорезмидің «Махаббатнамасы», Ж.Баласағұнның «Құтты білігі», Қожа Ахмет Йасауидың «Диуани хикметі», Қорқыт ата кітабы» бірнеше нұсқасында Ә.Қоңыратбаевтың, М.Байділдаевтың, Ә.Дербісалиннің, Б.Ысқақовтың аудармаларымен жарық көрді.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарына арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991) хрестоматиялық оқу құралында да ең көрнекті мұралардың үзінділері жарық көрді, олар: «Орхон ескерткіштері», «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің жинағы», Ж. Баласағұнның «Құтты білігі», А.Ясауидің «Даналық кітабы», А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы», Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы», «Қыпшақтың жазба кітабы», Рабғузидің «Рабғузи қиссалары», Құтыптың «Хұсрау-Шырыны», Хорезмидің «Махаббатнамасы», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма сұлтаны», Сәйф Сараидың «Жәдігернамасы» «Түркіше Гүлстаны»²⁵.

Орта ғасырлардағы Қарахан мемлекеті тұсында жазылған ең танымал әдеби туынды – Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанын ана тілімізге тұңғыш рет толық қамтып аударып, түпнұсқаға мейлінше жақын поэтикалық нұсқасын жасаған әдебиетші ғалым А.Егеубаевтың еңбегін айрықша атауға болады. Ғұлама ғалым Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» («Түркі сөздігі») атты сегіз кітаптан тұратын, III томға біріктірілген сөздігі қазақ тіліне аударылды. Сөздікті қазақ тіліне тұңғыш толық қамтып аударған – А. Егеубаев. Аталған сөздік – түркі тілді қырық ұлттың қай-қайсына да рухани азық беретін энциклопедиялық зор еңбек^{26,27,28}.

Рабғузидің қиссаларын қазіргі түркі тілдеріне аудару барысында аудармашылар халық алдындағы жауапкершілік салмағын терең түсініп, сезінген. Бір тілден екінші тілге

23,24^{23,24} Носируддин Бурхонуддин Рабғузидің. Қисасы Рабғузидің. 1-кітап. – Ташкент: Езувчи, 1990. – 234 б. Носируддин Бурхонуддин Рабғузидің. Қисасы Рабғузидің. 2-кітап. – Ташкент: Езувчи, 1991. 272.

16¹⁶ Сонда, 16 бетте

25²⁵ Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Алматы: Ана тілі. 1991. – 280 б.

26,27,28^{26,27,28} Қашқари Махмұт. Түрік сөздігі, – Алматы: ХАНТ, 1996, 1. Т. – 592 б. Қашқари Махмұт. Түрік сөздігі, – Алматы: ХАНТ, 1997, 2. Т. – 528 б.

Қашқари Махмұт. Түрік сөздігі, – Алматы: ХАНТ, 1998, 3. Т. – 600 б.

аудару барысында аудармашылардың көркем аударма, ғылыми аударма, жолма-жол аударма, еркін аударма жасайтыны белгілі. Ал жоғарыда аталған аудармашылар мүмкіндігінше ғылыми аударма жасаған.

А.Егеубаев «Кісілік кітабында»: «Аударма жанрының жылдар бойы қалыптасқан тәжірибелік-теориялық заңдылықтары бар. Қайткенмен де бір тілден екінші тілге аудару жөні басқа да, тамырлас көне тілден қазіргі тілге аудару ерекшелігі, ішкі өзгешелігі мол мектеп» дей келе, көне мұраны аудару мәселесіне қатысты бірқатар өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын атап көрсетеді²⁹.

Жазушы Р. Мұқанова: «Қолымызға түскен түпнұсқадағы кейбір қайталанып кеткен тараулар мен рәуәяттарды ықшамдап, мағынасын өзгертпей, стиль мен формасын сақтай отырып оқырман назарына ұсынуға тырыстық. Құран Кәрімді оқуға ниет қылған әр мұсылман баласына пайғамбарлар есімі таңсық болмау үшін осы еңбекті қазақ тілінде шығаруға ниет еттік» десе²¹, қырғыз ғалымдары: «...түпнұсқаны баяндау үстінде сөйлем түзу конструкциясын, стильдік, көркемдік өзгешеліктерін біржола өзгертпей, қолдан келгенінше сақтап қалуға тырыстық», - дейді²².

Ғалым А.Егеубаев аудармашылар жөнінде мынадай құнды пікір айтады: «Мұндай, көне жазбаларды аударуда міндетті түрде жұмбақ, түсініксіз тұстар, аудармашының төл талап, талғамдары кездеседі. Зер салып қарағанымызда еш күмәнсіз деген, әлемге танылған аса көрнекті түркітанушылардың аударма мәтіндерінің өзінен пікір жарыстыратын, сөзбе-сөз мағынасын аңғарғанмен мәндік астарын жеңіл барлау түркі тілдес халықтар тұрмысы мен психологиялық өзгешеліктерін іштей терең түсінбеуден кеткен кемшіліктер байқалады. Әйтсе де, ұлағатты дастанды халық игілігіне, ғылым әлеміне әкелген азапты еңбек, азаматтық ерлікпен жасалған талдау еңбектердің орны да, жөні де бөлек. Сондықтан да әр кезеңдердегі ондай аудармалар жөніндегі сөз төркіні біреу – ұрпақ ризашылығы²⁹.

Біз өз зерттеуімізді «Қисас-и Рабғузи» жазба ескерткішінің Лондон (Британ мұражайында сақталған) нұсқасы бойынша жүргіздік. Себебі бұл қисса көлемі жағынан үлкені және қолжазбаларының ішіндегі ең ескісі болып табылады. Сондай-ақ, бұл нұсқа «Жүсіп Сыддық» («Шыншыл Жүсіп» қиссасы) қиссасының алғаш қазақшаланған нұсқасы ретінде ғалымдарды аударма жағынан да қызықтырады күмән туғызбайды. Зерттеу барысында Рабғузидің «Қисас-ул анбийа» жазба ескерткішін ана тілімізге аударуда мына мәселелер басты назарымызда болды:

- **біріншіден**, түпнұсқадағы мағына мен қазіргі қазақ тіліне аударғандағы мағына арасында айырмашылықтардың болмауын қадағалау;

- **екіншіден**, жазба ескерткіштегі сөздердің басым көпшілігі араб, парсы сөздері және қиссадағы өлеңдер, ғазалдар, бәйіттер араб және түркі тілінде берілгендігін ескердік. Сондықтан, орта ғасырлардағы өлең құрылысының стилін сақтай отырып, өлең жолдарын еш әрлеусіз, сол күйінде аударуға талпыныс жасалынды. «Жүсіп Сыддық» қиссасының бірнеше нұсқасын басшылыққа ала отырып, ғылыми аударма нұсқасын жасауға тырыстық.

ҚОРЫТЫНДЫ

²⁹ Егеубаев А. Кісілік кітабы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 318 б.

²¹ Сонда, 3 бетте

²² Сонда, 14 бетте

²⁹ Сонда, 29, 64 беттерде

«Рабғузи қиссаларын» оқып-үйрену, оқулық, хрестоматияларға енгізу, қазақ тіліне аудару келешекте жалғаса бермек. Ғалым Б.Кенжебаев Рабғузидің еңбегі 79 қиссадан тұратынын атап көрсеткен болатын⁶. Ал қолда бар, баспа бетінде жарық көрген нұсқаларда қиссалардың саны әр түрлі, Б. Кенжебаев көрсеткен 79 қиссаға жетпейді. Тіпті, кей нұсқаларда Рабғузи еңбегінде 72 пайғамбардың өмірі ғана сөз болғандығы айтылады. Мәселен, Роза Мұқанова өз еңбегінде былай дейді: «Аталмыш тәржімада 24 пайғамбардың ғана өмір тарихы сөз болады. Рабғузидің қаламынан шыққан 72 пайғамбар санына жетпейді»²¹.

«Қазақ энциклопедиясында» Рабғузи туралы мынадай мәліметтер берілген: «Туған, қайтыс болған жылы белгісіз, XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген жазушы. Шығармасы түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ. Хорезм маңындағы Рабат оғыз мекенінде туған. Рабғузидің 1309-1310 жылы жазылған «Рабғузидің әулиелер туралы әңгімелері» атты шығармалар жинағы 72 аңыз-қиссадан тұрады.

Баспа бетінде жарық көрген Рабғузи қиссаларының мазмұнына, көлеміне нұқсан келуімен қатар, тілі де өзгеріске ұшырады. Бұл жөнінде ғалым А.Қыраубаева: «Рабғузи қиссаларының» кейде мазмұны, әсіресе, тілі өзгеріске ұшыраған. Кейбір қиссалар қысқартылып, татаршаланып кеткен. Мысалы, «Қисса Жүсіп» 1856, 1873 жылғы басылымдарында 78 беттей болса, 1899, 1910 жылдары 71, 1915 жылы тіпті – қысқартылып кеткен 58 бет болып қалған»деп өкініш білдіреді³.

Рабғузи қиссаларының бұлайша өзгеріске ұшырауының мынадай себептері бар:

1) Қиссаға тәржімалаушылар тарапынан жасалған арнайы түзетулер. Яғни бұлар қиссаға өз тарапынан арнайы түзетулер мен өзгертулер енгізді. Мәселен, 1903 жылы жарық көрген «Қисса-сұл-әнбийяи» аудармасының алғы сөзінде: «Қисас-сұл-әнбийяи» кітабы Рабғузи жазбаларынан тәржімаланып отыр. Кітапқа енбей қалған пайғамбарлар тарихын біз Қазы тәпсірі мен Жәлелин тәпсіріне мұражағат (сүйеніп) бұл екі тәпсірде болмағанын Нәзһәтүлмүжәліс кітабынан алып, «һарот уа Марут» қиссасын және «Дәуіт ғалайһи уәссәләм қиссасымен» монғол тілінен тәржімалап, мүмкіндігімізше толықтыруға еңбек еттік» деп жазуы көп нәрсені аңғартады²¹.

2) Ислам дінінің әсерін күшейту мақсатымен, шариғат заңдары мен әдет-ғұрыптарын баса көрсету үшін қиссаларға кітап бастырушылар тарапынан жасалған түзетулер. Бұл жөнінде белгілі ғалым А.Қыраубаева: «Мұндай рухтағы кітап бастырушылар шығармалардың діни жағын баса көрсетуге, реті келсе жалпы мазмұнын да өздерінше бұра тартуға тырысты» дейді³.

Түйіп айтқанда, кеңестік дәуірде Рабғузи қиссалары тілі жағынан өзгеріске ұшырап, көлемі қысқартылып, түрлі бұрмалаушылықтарды басынан кешіріп қана қоймай, жалпы мазмұнына да нұқсан келген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

ЖОЛДАСБЕКОВ М. Орхон ескерткіштері. – Алматы: Фолиант, 2001. – 176 б.

БАРТОЛЬД В.В. Шығармалар жинағы. – М., 1985. – Т.1. – 253 с.

⁶ Сонда, 18 бетте

²¹ Сонда, 21, 10 беттерде

³ Сонда, 56 бетте

²¹ Сонда, 21, 4 беттерде

³ Сонда, 56 бетте

- ЕЛЕУКЕНОВ Ш., ШАЛҒЫНБАЕВА Ж. Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1917 ж.д.) – Алматы: Санат, 1999. – 192 б.
- ҚЫРАУБАЕВА А. Шығыстық қисса-дастандар (Монография). – Алматы: Өнер, 2010. – 344 б.
- РАБҒУЗИ. Қисса-сүл-әнбийя-й. Адам Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. – Алматы: Санат, 2001.
- НОСИРУДДИН БУРХОНУДДИН РАБҒУЗИЙ. Қисаси Рабғузий. 1-кітап. – Ташкент: Езувчи, 1990. – 234 б.
- НОСИРУДДИН БУРХОНУДДИН РАБҒУЗИЙ. Қисаси Рабғузий. 2-кітап. – Ташкент: Езувчи, 1991. 272.
- ҚАШҚАРИ МАХМҰТ. Түрік сөздігі, – Алматы: ХАНТ, 1996, 1. Т. – 592 б.
- ҚАШҚАРИ МАХМҰТ. Түрік сөздігі, – Алматы: ХАНТ, 1997, 2. Т. – 528 б.
- ҚАШҚАРИ МАХМҰТ. Түрік сөздігі, – Алматы: ХАНТ, 1998, 3. Т. – 600 б.